ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ «ӨРЛЕУ»

# СЕРТИФИКАТ

Осы сертификат / Настоящим подтверждается, что

## БЕЙСЕБАЕВ СОВЕТ БЕЙСЕКУЛОВИЧ

прошел (ла) курс повышения квалификации на тему

**ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ДАМЫТУ**
**РАЗВИТИЕ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ**

тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткенін растайды

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Басқарма Төрағасы
Председатель АО «НЦПК «Өрлеу» — А.Мухаметжанова

Сертификат білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын (растау) үшін аттестаттаудан өтуге жарамсыз

Сертификат не является документом для прохождения аттестации на присвоение (подтверждение) квалификационных категории педагогических работников и приравненных к ним лицам

Берілген күні:
Дата выдачи: 30.10.2021

№ 290140

Scanned with ACE Scanner

# Алғыс хат

Балалар жылы 2022

*Құрметті* Бейсебаев Совет !!!

«Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім – тәрбие, үлгі – өнеге өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еккен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті – жемісті күннің кепілі.

Түркістан облысында 2020-2023 жылдарға арналған балалардың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын Қазығұрт ауданы көлеміндегі білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылдарында орындау жайлы №116 бұйрығындағы тапсырмаларды жоғары дәрежеде орындап, алдағы уақытта өзіңіздің озық педагогикалық идеяларыңыз бен кәсіби шеберлігіңіздің үлгілік жоғарлауына тілектеспін.

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы** **А.Уисимбаев**

№ 1277

**Қазығұрт – 2022**

Scanned with ACE Scanner

**"Ж.Есіркепов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"**

# *ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ*

***Білім беру жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін***

## БЕЙСЕБАЕВ СОВЕТ БЕЙСЕКУЛОВИЧ

**МАРАПАТТАЛАДЫ.**

**Мектеп директоры** **А.Зулпыхаров**

**Тіркеу № 51**

**Тесік төбе е.м. 2021 ж**

Scanned with ACE Scanner

**“Ж.Есіркепов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі”**

# *ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ*

***Білім беру жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін***

## БЕЙСЕБАЕВ СОВЕТ БЕЙСЕКУЛОВИЧ

**М А Р А П А Т Т А Л А Д Ы.**

**Мектеп директоры** **А.Зулпыхаров**

**Тіркеу №** 53

**Тесік төбе е.м. 2022**

Scanned with ACE Scanner

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ «ӨРЛЕУ»

# СЕРТИФИКАТ

Осы сертификат *Бейсебаев Совет Бейсекулович*
Настоящим подтверждает, что (тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)

**Білім беру ұйымының заманауи көшбасшының «Soft skills» құзыретін қалыптастыру**

прошел(ла) курсы повышения квалификации на тему / тақырыбында

**(15 – 26 тамыз, 80 сағат)**

в объеме часов / сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайды

Директор филиала
АО «НЦПК«ӨРЛЕУ» ________ қолы/подпись Ж.А.Макатова аты-жөні/Ф.И.О.

М.О. Берілген күні: «26» 08 2022 жыл
М.П. Дата выдачи: года

Тіркеу нөмірі
Регистрационный номер № 0534215

Scanned with ACE Scanner

Nur Otan

# Алғыс

**ҚҰРМЕТТІ**

## БЕЙСЕБАЕВ СОВЕТ БЕЙСЕҚҰЛЫ

Сізге, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, жасөспірімдерге сапалы білім, саналы тәрбие берудегі көпжылдық еңбектеріңіз бен «Nur Otan» партиясының бағдарламалық міндеттері мен шешімдерін жүзеге асыруда белсенділік танытқаныңыз үшін Қазығұрт аудандық партия филиалы атынан шынайы ризашылығым мен **алғысымды білдіремін**.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, жұмыстарыңызға толағай табыстар тілейміз.

**Төрағаның бірінші орынбасары** **Е.Исақұлов**

***Қазығұрт ауданы – 2020 жыл***

Scanned with ACE Scanner

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК Шымкент қ. және Түркістан облысы бойынша филиалы

РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан» Филиал по г. Шымкент и Туркестанской области

# СЕРТИФИКАТ

*удостоверяет в том, что*

**БЕЙСЕБАЕВ СОВЕТ БЕЙСЕКУЛОВИЧ**

***"Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау"*** *курсы бойынша оқу бағдарламасын өткендігін куәландырады.*

*успешно закончил (-а) программу обучения по курсу:* ***"Безопасность и охрана труда на предприятиях"***

***Комиссия төрағасы***
***Председатель комиссии*** А.АХМЕТОВ

23-27 қараша 2020 ж.

Тіркеу № 921
Рег. №

*ЕҚРҒЗИ № 1847*

Scanned with ACE Scanner

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

# СЕРТИФИКАТ

**Бұл сертификат:** Бейсебаев Совет

**Жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында оқу-тәрбие үдерісін жандандырудың, патриоттық тәрбие берудің әдістерін мерзімді баспасөз бетіне жариялау арқылы көрсетіп, мүше болғаны үшін берілді**

Бас редактор:
**Еркін Е.А.**

Тіркеу
№0146

**Алматы 2021 жыл**

Scanned with ACE Scanner

# CLEVER

Тіркеу № 156360

# ДИПЛОМ

## І ДӘРЕЖЕЛІ

### Бейсебаев Совет Бейсекулович

"ҚАЗАҚ ТІЛІ" ПӘНІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСЫП, ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ИЕЛЕНГЕНІ ҮШІН МАРАПАТТАЛДЫ.
БАРЛЫҚ СҰРАҚТЫҢ 94% ДҰРЫС ЖАУАП БЕРІЛІП, 93 БАЛЛ ЖИНАДЫ.

Олимпиада мәліметтері:

- Олимпиада пәні: Қазақ тілі
- Олимпиада санаты: Оқытушы
- Олимпиада деңгейі: 1

Торайым, PhD,
ғылым докторы

М.Өскенбай

Алматы қ-сы
2020 / 2 маусымы

МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ОЛИМПИАДА

Scanned with ACE Scanner

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

# ДИПЛОМ

## І ДӘРЕЖЕЛІ

Бейсебаев Совет Бейсекұлұлы

Мерзімді баспасөз басылымында "Үздік нәтиже " көрсетіп, Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру арқылы жақсы қасиеттерді бойында дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар бергені үшін

МАРАПАТТАЛАДЫ.



Бас редактор:
Еркін Е.А.

Тіркеу
№0146

Алматы 2021 жыл

# АЛҒЫС ХАТ

***Құрметті***

***Совет Бейсекұлұлы Бейсебаев!***

*Сізді 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтай отырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіңіз бен қол жеткізген жетістіктеріңіз үшін алғысымды білдіремін.*

*Алдағы уақытта да Сіздің халқымыздың игілігі үшін, мемлекетіміздің қуаты мен экономикалық әлеуетін нығайту жолында табысты да жемісті еңбек ете беретіңізге сенімдімін.*

*Сізге барлық бастамаларыңызға сәттілік, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық пен береке тілеймін.*

**Ізгі тілекпен,**
**Түркістан облысының әкімі** **Ө. Шөкеев**

*желтоқсан, 2021 жыл*

Scanned with ACE Scanner

«АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ
ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ
ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА»

# СЕРТИФИКАТ

Осымен Бейсебаев
Совет Бейсекулович
біліктілікті арттыру курсын
«Білім беру ұйымдарында жағымды
тәрбие ортасын қамтамасыз ету»
тақырыбы бойынша 40 академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды.

Настоящим подтверждает, что Бейсебаев
Совет Бейсекулович
прошел(ла) курс повышения квалификации на тему
«Обеспечение благоприятной воспитывающей
среды в организациях образования»
в объеме 40 академических часов.

Ұйым басшысы
Руководитель организации Сакенова Е.Н.

М.О.
М.П.

"Национальный институт гармоничного развития человека"

Тіркеу нөмірі №
Регистрационный номер № 4130

Берілген күні:
Дата выдачи: « 09 » 06 20 23 жыл/год

№ 0021146

Scanned with ACE Scanner

# Алғыс хат

Құрметті Бейсебаев Советті Бейсекұлына!

Сізге, Жігірген ауыл округі «Ардагерлер кеңесі», «Әжелер алқасы» мен «Әкелер мектебінің» ұйымдастыруымен **«Әкенің отбасындағы рөлі»** тақырыбында өткен іс-шараға белсене қатысқандығыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз.

**Ізгі ниетпен:**
**Аудандық ардагерлер кеңесінің**
**төрағасы:** **А. Омаров**

Scanned with ACE Scanner

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Ж.Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Бейсебаев Совет Бейсекулович



## *Заманауи тәрбие: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар*

Бүгінгі таңда біздің әлем күн сайын өзгеруде, оның ішінде жаһандану процесінің үдей түсуі, халықаралық қатынастардың нығаюы, ақпараттық технологиялардың адам өміріне етене енуі елдер арасындағы ұлтаралық, саяси, мәдени қарым-қатынастарды одан сайын жақындата түскендей. Заман талабы сол елдер арасындағы қарым-қатынастарда бәсекеге қабілетті, жан-жақты, өз тілі мен мәдениетін ғана біліп қоймай, өзге тілдерді, сондай-ақ мәдениеттерді біліп, түсініп, өзін әлем кеңістігінде еркін сезіне алатын тұлғаларды оқытып, тәрбиелеу талап етіліп отыр. Яғни, білім беру мен оқыту талабы күшейді, мұғалім мен оқушының өз міндеттеріне жаңаша талаптар қойыла бастады, мұғалім тарапынан жай ғана оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын меңгерген оқушыны емес, жаңа деңгейдегі тұлғаны қалыптастыру талап етіліп отыр. ьӘр уақытта білім саласында қолданылатын инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, тәрбие саласында да заманауи технологиялар деген ұғым өте маңызды, әрі өте көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Әрине болашақ, бәсекеге қабілетті, жан-жақты мамандарды өсіріп, дамыту мәселесі мемлекетіміздің маңызды бір бөлігі болып отыр. Болашақ мықты маман-еліміздің мықты болашағы. Кәсіби құзыретті маманды дайындап, қалыптастыру үшін, адамның ішкі дүниесін зерттеп, барлық қыр сырын анықтап, тұлғаның толық дамуына жағдай туғызу қажет. Жеке тұлғаның бойында өмір есігін ашқан сәттен бастап, жалпы адамзаттық құндылықтар бірге дамиды және жылдан жылға жасы ұлғайған сайын өмір сүріп жатқан ортасына сәйкес бірге қалыптастады. Тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған құндылықтарға шындық, қайырымдылық, бостандық, махаббат, шығармашылық сияқты құндылықтарды жатқызуға болады. Қажетті құндылықтарды бойына сіңіріп, әбден ой өрісінен өткізіп болған соң, кез келген тұлға сол құндылықты игеріп алған соң, іс-әрекет етеді. Педагогика саласында «құндылық – бұл адамның ішкі құқығы, ізгілігі, өзгелермен қарым-қатынасы, іс-әрекеттегі оның тұрақтылығы, қайырымды болуы және мейірімділік тәрбиесі», — делінген. Осыған орай біз «құндылық» ұғымын жеке тұлғаны тәрбиелеп, жетілдіру процесіндегі, адамның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, тиімді, бағалы заттардың құрамынан тұратын педагогикалық категория деп қарастырамыз. Бүгінгі таңда құндылықтардың алатын орны ерекше. Құндылықтарды бойына сіңірген әр тұлға кез келген қоршаған ортада бейімделе алады. Қазіргі кезде көптеген мектептерде жүргізілетін тәрбие процессінің негізгі мақсаты – өз-өзіне сенімді, өмір сүруге дұрыс көзқарас қалыптасқан, тек жақсылыққа ұмтылатын, өзгелерге жаңашырлық таныта білетін, айналадағы адамдарға қайырымдылық жасай алатын, бір сөзбен айтқанда толыққанды өмір сүруге нақты талпынысы бар жеке тұлға даярлау. Адам уақыт өте келе өмірді қалай сүру керек, мен қоршаған ортама қандай пайдамды тигізе аламын деген сұрақтардың жауабын іздеп, тапқан кезде өз-өзін танып, бағалай алады. Қорыта келе, қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерді ескере отырып, қазіргі іргетасы қаланған тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, келер ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі факторлар деп нақты қарастыруға болады. Сондықтан тәрбие процессіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың рөлі орасан зор екенін тағы да ескере отырып, болашақ ұрпақтың өмірге деген көзқарастарын оңды ету біздің басты міндетіміз деп білемін.

Scanned with ACE Scanner

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданы «Ж.Есіркепов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейсебаев Совет Бейсекұлұлы**

## Жаңартылған білім беру аясында инновациялық қадамдар қажет

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озық жүруі тиіс, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілеті, жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту. Қазақстан көшбасшысының тапсырмасын басшылыққа ала отырып, бұны қалай жүзеге асыру керек деген сұрақ туындайды. Бәсекелестік бар жерде білім де бар. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін, өз бетімен іздену дағдысын дамыту болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі заманауи басқарудағы инновациялық қадамдар мен педагогикалық тиімді әдіс – тәсілдерін тәжірибемде қолданудың маңызы зор. Бұл бағытта оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу, ұжымда, топтарда жұмыс істеу барысында логикалық, шапшаң есептеу қабілеттерін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытып, оқушылардың алған білімдерін іске асыра білуіне, танымдық белсенділігін арттыруға септігі тиеді. Және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың қадамы сынды.

Қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ұлы педагог А.Байтұрсынов «Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру» деген. Жаңартылған білім беру мазмұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Ең әуелі жаңартылған білім мазмұны бойынша арнайы курстан өту, әріптестердің сабақтарына қатысып, өзара әдіс – тәсіл алмасу. Түрлі семинарлар, онлайн конференциялар, қашықтық олимпиадалар мен зерттеу жұмыстары арқылы білімін арттыру. Осы бағыттағы ізденістер арқылы кәсіби деңгейімді көтердім. Нәтижесінде жаңашылдықтарды үйрумен қатар тәжірибемде қалай тиімді қолдану қажеттілігін меңгердім.

Жаңа мазмұндағы білім беруде мұғалім мен оқушы үшін ортақ мақсат көзделеді. Шәкірттер мағлұматтар мен идеяларды дербес және тәуелсіз меңгеріп, алған мәліметтерін тиімді пайдалана білулері қажет. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алады. Мұғалім, ең алдымен, оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысуы керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлестіруге апаратын сара жол. Бүгінде рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Әлемдегі құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой

елегінен өткізе білетін оқушылар керек. Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оқу – танымдық үдерісінде «жаңалық» ашу, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде үйренеді, дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқу – танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс. Оқу процесін жандандыру мақсатында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, тиімді оқытуда олардың ізденуін, танымын қалыптастыруға мол мүмкіндік бар. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алу тиімді оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа сай, оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тигізетіндей түрін таңдау керек және осы әдісті қолдану жолын өзі жақсы білуі керек деген ойдамын.

Сабақ кезінде оқушы мен мұғалімнің арасында бірегей байланыс бекіп, жеке ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, тұжырымын дәлелдеуге, белсенділікке ұмтылды. Білімгердің барлық білгені мен түйгенін санасынан өткізіп, топ құрамында немесе жұптық негізде және жеке орындауындағы жұмысы шығармашылыққа жетелейді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының тиімді әдіс-тәсілдері, формативті бағалау түрлері және кері байланыс топтамаларын сабақта жиі қолдану. Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылардың білімді игергендіктеріне қалай көз жеткізу керек? Жинақталған ақпараттың негізінде оқушылар сабақ барысында тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын біле алады. Қалыптастырушы бағалау кезінде шәкірт оқыту үдерісіне белсене араласып, қандай нәтиже күтілетінін түсінеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының түрлі әдіс-тәсілдерін, элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, тиімді оқытуда олардың ізденуін, танымын қалыптастыруға мол мүмкіндік бар. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алу тиімді оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Scanned with ACE Scanner